



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

11.09.2023 ж.

№ 27, 2-т.

«Қорғау» Қостанай облыстық ұйымының бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ұжымдық-шарттық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жұмысы туралы.

«Қорғау» Қостанай облыстық ұйымының төрағасы В.Р. Кушетерованың «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымының бастауыш кәсіподақ ұйымдарында ұжымдық-шарттық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылағаннан кейін Кәсіподақтың Атқару Комитеті:

Ұжымдық-шарттық науқанды 2022 жылы «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасында айқындалған міндеттерге, Кәсіподақтың басшылық органдарының тиісті шешімдері мен қаулыларына сәйкес жүргізді.

2022 жылғы 11 ақпанда «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мен «Қорғау» Қостанай облыстық білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ арасында 2022-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісімге қол қойылды, ол қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін, білім беру саласындағы жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді қамтамасыз етеді. Осы Келісімнің ережелері ұйым қызметкерлерімен ұжымдық, еңбек шарттарын жасасу кезінде, жеке еңбек дауларын шешу кезінде қолдануға міндетті.

«Қорғау» Қостанай облыстық білім беру қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ құрылымында 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 185 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар, олардың әрқайсысында ұжымдық шарттар жасалған. Оның ішінде келесі филиалдарындағы бастауыш кәсіподақ ұйымдары:

- Қостанай қалалық филиалында – 69 бастауыш кәсіподақ ұйым;
- Қостанай аудандық филиалында – 42 бастауыш кәсіподақ ұйым;
- Меңдіқара аудандық филиалында – 32 бастауыш кәсіподақ ұйым;
- Сарыкөл аудандық филиалында – 6 бастауыш кәсіподақ ұйым;
- Облыстық ұйымға тікелей қарасты – 36 бастауыш кәсіподақ ұйым бар.

2022 жылы барлығы 62 ұжымдық шарт жасалды, Әлеуметтік әріптестік туралы келісімге сәйкес оларға толықтырулар енгізіле отырып, 106 ұжымдық шарттың қолданысы ұзартылды.

Ұжымдық шарттардың күші кәсіптік одақтың 9 945 мүшесіне қолданылады, оның ішінде 9 843 жұмыс істейтін және 102 уақытша жұмыс істемейтіндер санын құрайды (ұзақ әлеуметтік демалыстар).

Ұжымдық шарттардың мазмұны ең маңызды мәселелердің кең ауқымын қамтиды: еңбекке ақы төлеу және еңбек уақытын межелеу, кепілдіктер мен өтемақылар, еңбек пен денсаулықты қорғау, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты, кәсіподақ қызметінің кепілдіктері, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру.

Ұжымдық шарттарда қызметкерлерге қосымша ақылы (білім беру және білім беру емес) қызметтерді ұйымдастырғаны үшін қосымша ақылар көзделген:

Алдыңғы қаржылық жылындағы ақылы (білім беру және білім беру емес) қызметтерден түсетін кірістер көлемі кезінде	Директордың лауазымдық жалақысына ай сайынғы қосымша ақының мөлшері		Бас бухгалтердің лауазымдық жалақысына ай сайынғы қосымша ақының мөлшері	
	Білім беру қызметтері емес	Білім беру қызметтері	Білім беру қызметтері емес	Білім беру қызметтері
0,5-1 млн. теңге	10%		5%	
1 – 3 млн. теңге		10%		5%
1,1 – 3 млн. теңге	15%		10%	
3,1 – 5 млн. теңге	20%	15%	15%	10%
5,1 – 7 млн. теңге	25%	20%	20%	15%
7,1 – 9 млн. теңге	30%	25%	25%	20%
9,1 – 11 млн. теңге	35%	30%	30%	25%
11,1 – 13 млн. теңге	40%	35%	35%	30%
13,1 – 15 млн. теңге	45%	40%	40%	35%
15,1-17 млн. теңге	50%	45%	45%	40%
17,1 – 19 млн. теңге	55%	50%	50%	45%
19,1 – 21 млн. теңге	60%	55%	55%	50%
21,1-23 млн. теңге	65%	60%	60%	55%
23,1-25 млн. теңгеден жоғары	70%	65%	65%	60%
25,1-27 млн. теңге		70%		65%
27,1-29 млн. теңге		75%		70%
29,1-31 млн. теңгеден жоғары		80%		75%

Облыста ұжымдық-шарттық жұмысты ұйымдастыру бойынша бірқатар шешілмеген міндеттер де бар. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеудің толық көлемде шешілмеген мәселелеріне келесілерді жатқызуға болады: шектеулі бюджеттік қаржыландыру; қызметкерлердің әлеуметтік пассивтілігі, өз мүдделерін ұжымдық қорғауға деген ұмтылыстың

болмауы, Ұжымдық шарттың маңыздылығын жете бағаламау, кәсіподақ активі өкілдерінің қажетті білімі мен тәжірибесінің болмауы.

Сонымен қатар, облыстық кәсіподақ ұйымының басқару органдарының қызметін сапалы кәсіби құқықтық қамтамасыз ету мәселесі маңызды болып қала береді, соның салдарынан тараптардың ұжымдық шарттардың талаптарын орындауына тиісті бақылаудың болмауы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымының төрағасы В.Р.Кушетерованың ақпараты назарға алынсын (қосымша беріледі).

2. Облыстық кәсіподақ ұйымының уәкілетті басқару органына құқық қорғау жұмысы, еңбекті ұжымдық-шарттық реттеуді ұйымдастыру проблемаларының (түйіткілдерінің) өзектілігін ескере отырып, кәсіподақ комитеті аппаратының штаттарына құқықтық жұмыс жөніндегі маман лауазымын енгізу туралы мәселені қарастыру ұсынылсын.

3. Облыстық кәсіподақ ұйымының Комитетіне:

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағаларын еңбек ұжымы деңгейінде әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру мәселелеріне, еңбек заңнамасының негіздеріне жүйелі оқытуды ұйымдастыру, оқыту жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік еңбек инспекциясының мамандарын, кәсіби заңгерлерді, әлеуметтік әріптестік тараптарының өкілдерін тарту;

- кәсіподақ активінің белсенді күштерімен қоғамдық бақылау шеңберінде еңбек заңнамасы талаптарының сақталуына, ұжымдық шарттар мен әлеуметтік әріптестік туралы келісімдердің талаптарының орындалуына тексерулер жүргізуді ұйымдастыру;

- кәсіподақ мүшелерін және жалпы жұртшылықты әлеуметтік әріптестік саласындағы жұмыс процесі мен нәтижелері туралы тиісті түрде хабардар етуді ұйымдастыру.

4. Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыс және ЕҚЖЕҚ бөлімі облыстық кәсіподақ ұйымының кәсіподақ органдарына жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыруда, құқық қорғау жұмысының нысандары мен әдістеріне, еңбек заңнамасының негіздеріне, кәсіптік одақтар туралы заңнамаға оқытуда қажетті көмек көрсетсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева